

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені****Мамандығы: Құқықтану****Шифр: 5В030100****Пән: Құқық қорғау органдары****Семинар сабақтарына дайындалу үшін әдістемелік нұсқаулар**

Семинар (латын сөзінен аударғанда *seminarium* - орын) – студенттер мен магистранттардың оқытушы берген әр түрлі сұрақтарын жеке түрде немесе баяндама ретінде құрастырылатын оқу үдерісінің нысаны.

СӨЖ тапсырмаларын студент өзіндік жұмыс ретінде орындайды. СӨЖ негізі семинар және дәріс сабақтарына дайындау. Семинар сабағында тақырыптың негізгі сұрақтары талқыланады. Семинар сабақтың тақырыптық жоспары, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі, семинар сабақтың тақырыбына әдістемелік кеңестер не және қалай істеу керек деген сұрақтарға жауап береді. Семинар сабағының тақырыбына берілетін әдістемелік кеңестерді назар аудара оқып, семинар сабақтың тақырыптық жоспар сұрақтарына өз жауабыңызды дайындаңыз. Әр сұраққа жауапты қысқа және нұсқалы дайындап, формулаларды және символдарды СӨЖ арнайы дәптерге жазып отырыңыз. Дайындықты аяқтамас бұрын, біліміңізді өзіңізге сұрақтар қоя отырып, тексеріңіз. Өзіндік жұмысты орындауда қиын сұрақтарға жауап таппаған жағдайда дәптерге жазып, оқытушыдан сұраңыз.

СӨЖ тапсырмалары дәріс сабағынан бұрын орындалады. Дәріс сабағында алған білімді, әрі қарай тереңдету керек.

Бірақ семинар сабағына жоспарланған сұрақтар тақырып мазмұнын толық қамтымайды. Сол себептен студент білімін тереңдетуді ОСӨЖ процесінде жүзеге асырады. Сондықтан ОСӨЖ –да тақырып бойынша қосымша сұрақтар, есептер, жаттығуларды орындау арқылы тақырып мазмұны толық қарастырылады.

Студентке СӨЖ (СӨЖО) тиімді ұйымдастырудың әдістемелік ұсыныстары:

Өткен материалдарды пысықтау. Өткен дәріс материалдарын пысықтау өзіндік жұмыстың ең маңыздысы. Өткен материалдар терең талданса, басқа өзіндік жұмыстар жеңіл орындалады. Үнемі және жүйелі түрде өткен материалдарды пысықтап отыру, алдағы уақытта берілетін материалдарды жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Өткен материалдарды пысықтау үшін қажетті жайлар:

- дәріс конспектісінің болуы;
- курс бағдарламасының болуы;
- ұсынылған әдебиеттердің қолда болуы (оқулық, есептер жинағы).

Жұмыс әдістері:

- дәріс материалын жете түсіну;
- конспект жасауда әдебиеттерге сілтеу жасау және қажетті толықтырулар, қажет болса түзетулер енгізіп отыру;
- әр тақырыппен жұмыс материалды жете түсініп, еске сақталғанша жалғасу керек;
- тақырыппен жұмыс, әдебиеттер мен оқулықтарда берілетін мысалдар мен есептерді шешу әдістерін меңгерген жағдайда ғана аяқталуы қажет;
- түсінбеген сұрақтар болса, келесі дәрісте оқытушымен бірге талқылау қажет.

**Есептерді шығару.** Есептерді шығару әдісі:

- есептерді шешу үшін берілген тақырып бойынша дәрістік материалды толық білу керек;
- есеп шартын мұқият оқып шығу;
- шешу жоспарын ойластыру;
- есепті шығаруға қажетті формулаларды анықтау;

- формула құрамындағы шамалар мәніне назар аудару;
- алдымен жалпы түрде шешу, сонан кейін сандық мәндерін формуламен есептеу;
- аралық және соңғы шешім нәтижелердің өлшем бірліктерін көрсету;

**Бақылау жұмысына дайындық.** Бақылау жұмысын өткізудің мақсаты:

- студенттің ағымдағы үлгерімін тексеру;
- топ студенттерінің дайындығын анықтау;
- үлгерімі нашар студенттермен жұмыс әдістемесін ұйымдастыру;

**Студент бақылау жұмысына дайындалуда:**

- бақылау жұмысының тақырыбын білуі;
- берілген тақырып бойынша теориялық материалды, есепті шығару формулалары мен әдістерін қайталауы;
- әдебиеттерді, практикалық сабақта шығарылған есептер мен мысалдарды қайталап, еске түсіруі қажет.

Егер студент үнемі жүйелі түрде өткен материалдарды пысықтап отырса, бақылау жұмысына дайындық ешқандай қиындық туғызбайды.

**Жобаларды орындау.** Жобаларды орындауда кафедрамен берілетін әдістемелік нұсқауларға сүйену қажет:

- белгіленген уақыттан кеш қалмай орындау;
- тапсырманы орындауда қиындықтар болса, тапсырмаға сай тақырыпты қайта оқып шығу.
- қиындықтар болса, оқытушыдан кеңес алу;
- алынған шешімдерді талдау;
- тапсырманы қорғауға дайындықта, сол тақырыпқа сай теория негізін тексеріп және кейбір мәліметтер өзгере қалғанда, оның шешімін ойластырып қою.
- тапсырманы орындауда қолданылатын әдісті жете түсіну;
- тапсырма уақытында қорғалу қажет, кері жағдайда академиялық қарыз болып есептеледі.

Студенттің өзіндік жұмысына берілетін уақыт шектеулі, сондықтан алдын -ала орындау жоспарын жасап, өзіндік жұмыс әдістерін үйреніп, тәжірбиелерді меңгеру қажет және жұмысқа қабілеттілікті сақтау үшін демалыс уақытын дұрыс өткізген жөн. Сондықтан студенттің өзіндік жұмыс әдістерін үйренуіне кафедра мен әр оқытушының жауапкершілігі жоғары.

### СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Апта	Тақырыптың аталуы	Сағат саны	Бағасы
<b>1 Модуль</b>			
1.	<b>1 семинар сабағы.</b> «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары» пәнінің түсінігі, мазмұны және жүйесі.	1	6 балл
2.	<b>2 семинар сабағы.</b> Құқық қорғау қызметінің принциптері. Құқық қорғау қызметіне тұру.	1	6 балл
3.	<b>3 семинар сабағы.</b> Қазақстан Республикасының прокуратурасы.	1	6 балл
4.	<b>4 семинар сабағы.</b> Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары.	1	6 балл
5.	<b>5 семинар сабағы.</b> Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органы.	1	6 балл

6.	<b>6 семинар сабағы.</b> Қазақстан Республикасының экономикалық тергеу қызметі.	1	6 балл
7.	<b>7 семинар сабағы.</b> Қазақстан Республикасының соттары мен сот жүйесі.	1	6 балл
	<b>1 Аралық бақылау Реферат, жеке жоба, топтық жоба</b>	<b>7 апта</b>	<b>8 балл</b>
8.	<b>8 семинар сабағы.</b> Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары.	1	5 балл
9.	<b>9 семинар сабағы.</b> ҚР ПМ-нің қылмыстық-атқару органдарының жүйесі.	1	5 балл
10.	<b>10 семинар сабағы.</b> Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары.	1	5 балл
11.	<b>11 семинар сабағы.</b> Қазақстан Республикасының кеден органдары.	1	5 балл
12.	<b>12 семинар сабағы.</b> Қазақстан Республикасының адвокатурасы.	1	5 балл
13.	<b>13 семинар сабағы.</b> Қазақстан Республикасының Әділет органдары.	1	5 балл
14.	<b>14 семинар сабағы.</b> Қазақстан Республикасындағы нотариат.	1	5 балл
15.	<b>15 семинар сабағы.</b> Шет елдердің құқық қорғау органдары.	1	5 балл
	<b>2 Аралық бақылау Реферат, жеке жоба, топтық жоба</b>	<b>15 апта</b>	<b>10 балл</b>
<b>Барлығы:</b>			
	<b>1АБ+2АБ</b>		<b>200</b>
	<b>Midterm.exam</b>		<b>100</b>
	<b>Емтихан</b>		<b>100</b>
	<b>Барлығы</b>		<b>400</b>

## СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

### 1-тақырып. «Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары» пәнінің түсінігі, мазмұны және жүйесі.

- 1) "Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары" пәнінің түсінігі, пәні мен жүйесі.
- 2) Құқық қорғау қызметінің түсінігі мен оның негізгі белгілері.
- 3) "Құқық қорғау органдары" оқу пәнінің түсінігі мен оның заң ғылымдарының жүйесінде алатын орны.
- 4) Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттары.
- 5) Құқық қорғау қызметін жүзеге асырушы мемлекеттік органдар, олардың негізгі функциялары мен міндеттері.
- 6) Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Тұжырымдамасы.

### 2- тақырып. Құқық қорғау қызметінің принциптері.

#### Құқық қорғау қызметіне тұру.

- 1) Құқық қорғау қызметі принциптерінің түсінігі мен олардың сипаттамасы.
- 2) Құқық қорғау қызметі принциптерінің міндеттері.
- 3) Құқық қорғау қызметіне тұру шарты
- 4) Құқық қорғау қызметіне үміткерлерді іріктеу

5) Құқық қорғау қызметіне қабылдау. Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау.

6) Құқық қорғау органдарының қатардағы және басшы құрам лауазымдарына орналастыруға қойылатын талаптар

7) Қызметкерлердің Ант қабылдау тәртібі.

### **3- тақырып. Қазақстан Республикасының прокуратурасы.**

1) Прокуратура органдарының даму тарихы мен негізгі тарихи кезеңдері.

2) Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары жүйесіндегі прокуратураның орны мен рөлі.

3) Прокуратура органдары қызметінің құқықтық негіздері мен қағидалары.

4) Прокуратура органдарының негізгі бағыттары.

5) Прокуратура органдарының жүйесі.

6) Прокуратура органдарының құқықтық актілері.

### **4-тақырып. Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары.**

1) Ішкі істер органдарының негізгі міндеттері, принциптері мен құрылымы.

2) Ішкі істер органдары қызметінің құқықтық негіздері.

3) Ішкі істер органдарының жүйесі.

4) Ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері. Қызметкерлердің құқықтық мәртебесі.

5) Қазақстан Республикасының Ішкі істер Министрлігі.

### **5-тақырып. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органы.**

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің түсінігі мен міндеттері.

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жалпы сипаттамасы.

3) Агенттіктің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

4) Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

### **6-тақырып. Қазақстан Республикасының экономикалық тергеу қызметі.**

1) Экономикалық тергеу қызметінің принциптері.

2) Экономикалық тергеу қызметінің міндеттері мен негізгі бағыттары.

3) Қызметкерлердің құқықтық жағдайы

### **7-тақырып. Қазақстан Республикасының соттары мен сот жүйесі.**

1) Сот жүйесінің түсінігі мен мәні.

2) Сот билігінің түсінігі мен негізгі белгілері. Сот билігін жүзеге асырудың нысандары.

3) Қазақстан Республикасының сот жүйесінің жалпы сипаттамасы.

4) Қазақстан Республикасы судьяларының құқықтық мәртебесі.

5) Қазақстан Республикасының мамандандырылған соттары.

### **8-тақырып. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары.**

1) Ұлттық қауіпсіздіктің жалпы сипаттамасы.

2) Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

3) Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі.

4) Ұлттық қауіпсіздік органдары, олардың міндеттері мен негізгі функциялары.

5) Ұлттық қауіпсіздік органдарының құқықтық негіздері мен қызметінің мақсаттары.

6) Ұлттық қауіпсіздік Комитеті, ұлттық қауіпсіздіктің жергілікті және басқа да органдары.

7) Ұлттық қауіпсіздік органдарының құқықтары мен міндеттері.

8) Ұлттық қауіпсіздік органдарының кадрлық қызметі.

**9-тақырып. ҚР ПМ-нің қылмыстық-атқару органдарының жүйесі.**

1) Комитеттің функциялары мен құқықтары

2) Комитеттің қызметін ұйымдастыру

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйелері комитеті

**10-тақырып. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары.**

1) Мемлекетті өртке қарсы қызмет органдарының түсінігі, міндеттері мен жүйесі.

2) Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының құқықтық негіздері.

3) Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының ұйымдастырушылық принциптері.

4) Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының негізгі бағыттары.

5) Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.

**11-тақырып. Қазақстан Республикасының кеден органдары.**

1) Қазақстан Республикасының кеден органдарының түсінігі, міндеттері мен жүйесі.

2) Кедендік бақылау органдарының негізгі мақсаттары мен міндеттері.

3) Кедендік ақылау Комитеті мен оның жергілікті органдары.

4) Кедендік органдар қызметінің негізгі бағыттары.

5) Кедендік органдар қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.

6) Кедендік органдар қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі.

**12-тақырып. Қазақстан Республикасының адвокатураның даму тарихы.**

1) Адвокатураның даму тарихы.

2) Адвокаттық қызметтің түсінігі мен ұйымдастырушылық қағидалары.

3) Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері

4) Адвокаттың мәртебесі. Адвокаттардың құқықтары мен міндеттері.

5) Адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысандары.

**13-тақырып. Қазақстан Республикасының Әділет органдары.**

1) Әділет органдарының шығуы мен дамуының негізгі кезеңдері.

2) Әділет органдары қызметінің құқықтық негіздері.

3) Әділет органдарының міндеттері мен ұйымдастырушылық қағидалары.

4) Әділет органдары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.

5) Әділет органдарының жүйесі.

6) Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі және оның жергілікті органдары.

**14-тақырып. Қазақстан Республикасындағы нотариат.**

1) Қазақстан Республикасындағы нотариаттың даму тарихы.

2) Нотариаттың құқықтық негіздері мен функциялары.

3) Нотариаттық қызметтің қағидалары.

4) Қазақстан Республикасындағы нотариустардың құқықтық мәртебесі.

**15-тақырып. Шет елдердің құқық қорғау органдары**

- 1) Еуропа елдерінің құқық қорғау органдары.
- 2) АҚШ-ң құқық қорғау органдарының жүйесі.
- 3) Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдарын жетілдіруге бағытталған негізгі шаралар мен ұсыныстар.

## **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

### **Ұсынылатын нормативтік актілер:**

#### **А) Негізгі**

1. ҚР-ң Конституциясы 30.08.95 ж. Алматы: Қазақстан, 1995 ж.
2. ҚР-ы Президентінің “Сот әкімшілігі” жаңа жүйесінің қызметін қамтамасыз ету туралы” Жарлығы. 2000 ж. 12 қазан/ Заң газеті - 2000 ж. 18 қазан.
3. ҚР-ның Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Конституциялық заңы 2000 ж. 25 желтоқсан / Егеменді Қазақстан - 2000 ж. 25 желтоқсан.
4. ҚР-ы Президентінің “Құқық қорғау қызметін жетілдіру шаралары туралы” Жарлығы. 22.01.2001 ж.
5. “Республикалық және облыстық тәртіптік - біліктілік алқалары туралы Ереже”, ҚР-ы Президентінің 26.06.2001 ж. с. 643 Жарлығымен бекітілген.
6. “ҚР-ы судьяларының” біліктілік сыныптары туралы Ереже”, ҚР-ы Президентінің 26.06.2001 ж. с. 643 Жарлығымен бекітілген.
7. Судья әдебінің кодексі. Судьялардың ІІІ- съезінде 06.06.2001 ж. бекітілген.
8. ҚР-ның Заңы “Адвокаттық қызмет туралы” 15.12.1997 ж.
9. ҚР-ның “Нотариат туралы” Заңы 14.07.1997 ж.
10. ҚР-ы Президентінің заң күші бар Жарлығы “Ішкі істер органдары туралы” 21.12.1995 ж.
11. ҚР-ы Президентінің заң күші бар Жарлығы “Кеден ісі туралы” 20.12.1995
12. ҚР-ның ҚПК-і 04.07.2014 ж.
13. ҚР-ның ӘҚБтК - і 05.07.2014 ж.
14. ҚР-ның ҚК - і 03.07.2014 ж.
15. ҚР ның “Прокуратура туралы” Заңы 21.12.1995 ж.

#### **Б) Қосымша**

1. Положение о порядке прохождения службы в органах прокуратуры 06.07.1992 г.
2. Положение о военной прокуратуре, утвержденное Приказом Генеральной Прокуратуры РК №2 от 17.02.1997 г.
3. ҚР - ның Заңы “Ішкі әскерлер туралы” 23.06.1992 ж.
4. 4. ҚР -а” “Об органах финансовой полиции“ 04.07.02 ж.
5. Положение о порядке прохождения службы в налоговой полиции, утв. Постановлением Правительства от 04.12.1997 г.
6. ҚР-ы Президентінің Жарлығы “Мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттарын құру туралы. 2002ж. - 9 ақпан.

### **Ұсынылатын оқулықтар және арнайы ғылыми әдебиет**

#### **А) Негізгі**

1. Бекбергенов Н.А. Правоохранительная система в Республике Казахстан. Учебное пособие. ИКФ. “Фолиант” Астана. 2012 г.
2. Божьев В.П. “Правоохранительные органы РФ”.М., 2011 г.
3. Беленков Р.А. Правоохранительные органы. Москва: Приор – 2010 г.

4. Ибрагимов Х.Ю. “Правоохранительные органы РК”. Учебное пособие, изд. ”Данекер”, 2011 г.
5. Алиев М.М. Суд и правоохранительные органы РК. Учебное пособие. Алматы, 2013 г.
6. Бекбергенов Н.А. Правоохранительная система в Республике Казахстан. Учебное пособие. ИКФ. «Фолиант», Астана, 2014 г.
7. Журсимбаев С.К. Правоохранительные органы РК. Алматы, 2013 г.
8. Ибрагимов Х.Ю. «Правоохранительные органы РК». Учебное пособие, изд.»Данекер», 2012 г.
9. Нарикбаев М.С., Утибаев Г.К., Алиев М.М. Прокурорский надзор в РК. Алматы, 2010 г.
10. Сулейменова Г.Ж. Суд и судебная власть в Республике Казахстан. Алматы. Изд.КазГЮА, 2014 г.
11. Самалдыков М.К. Правоохранительные органы в РК. Алматы, 2006 г.
12. Тыныбеков С.Т. Адвокатура и адвокатская деятельность РК. Учебник. Изд. Данекер, 2011 г.

#### **Б) Қосымша**

1. Альдекеев А.А. История становления и развития органов прокуратуры Казахстан. А.2002
2. Басков В.И. Прокурорский надзор. Учебник.М., 2000 г
3. Бернам Уильям. Суд присяжных заседателей. М., 1996 г., Давид Рене, Камилла Жоффри - Спинози. Основные правовые системы современности. М.,1996 г.
4. Кулешова Н. Судебные приставы и судебные исполнители. Кто они.//Вестник МЮ РК,1996 г.,ф11
5. Стецовский Ю.И. Судебная власть. М., 2009 г.